



АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті №42 (104) 17 қазан 2025 жыл

● АКТУАЛЬНО

ОСТОРОЖНО: БРОКЕРЫ-МОШЕННИКИ!

А также пирамиды, фишинг, дропперы и многое другое обсуждалось на встрече в Отеген батыре



Его организаторы – Департамент экономических расследований по Алматинской области, совместно с Акиматом Алматинской области, Департаментом полиции, Организацией ветеранов области.

На мероприятие прибыли председатели ветеранских организаций со всех районов области, а также города Конаев, ветераны правоохранительных органов. Модератором семинара выступил председатель Алматинского областного филиала РОО «Организация ветеранов» Ерболат Турумбетов. Ерболат Сапарович, определяя тему предстоящей беседы, напомнил тезисы из недавнего послания президента, Касым-Жомарта Токаева. В частности эти: «Стремительное развитие искусственного интеллекта уже влияет на мировоззрение и поведение людей, особенно молодежи. Иной альтернативы нет, поскольку данный процесс кардинально меняет миропорядок и образ жизни всего человечества. Мы должны быть готовы к этому. Нужно действовать решительно, промедление чревато самыми тяжелыми последствиями. Поэтому мною поставлена стратегическая по своей важности задача превращения Казахстана в течение трех лет в полноценную цифровую страну. Наряду с очевидными плюсами и возможностями тотальная цифровизация, в том числе банковской сферы, несет в себе и определенные вызовы. За последние годы одной из наиболее серьезных угроз финансовой безопасности государства и граждан стало онлайн-мошенничество».

Поэтому, нам, старшему поколению, при выкшему доверять, надо быть очень и очень осторожными, повышать свою финансовую грамотность, помнить, что стремление к быстрому деньгам, разным услугам, акциям, обещания «озолотить вашу старость», может привести к потерям пенсий, сбережений, квартир, здоровья. Об этом и пойдет сегодняшняя наша беседа, резюмировал спикер.

Далее с докладом «Как распознать финансовую пирамиду и какие инструменты использует АФМ (Агентство финансового мониторинга)» выступила оперуполномоченный по ОВД ДЭР Меруерт Еркенқызы. Ежегодно в Казахстане жертвами финансовых пирамид становятся тысячи граждан. С 2021 года в стране ликвидировано 99 финансовых пирамид, куда было вовлечено 86 тысяч вкладчиков. Ущерб оценивается в 37 миллиардов тенге, осуждено 226 лиц. Зачастую люди продают единствен-

ное жилье, машины, берут кредиты, залезают в долги. Собранные деньги вкладывают в мошеннические проекты, искренне веря, что они разбогатеют. Но спустя время осознают, что ни вложенных денег, ни обещанных дивидендов они не получают, оставшись без ничего. Как распознать финансовую пирамиду? Первое. Это обещание высокой прибыли, без рисков и усилий. Если вам предлагают сотни и выше процентов в год, то надо задуматься, так как ни один бизнес не приносит такой прибыли. Второй момент. Обязательное привлечение новых клиентов. Вам предлагают пригласить знакомых, родственников, коллег зачисленные хорошие бонусов. Третье. Это активная и навязчивая реклама в интернете. В соцсетях пестрят предложения о легком заработке, инвестирования в «перспективные проекты» где-то за рубежом. При этом, самого работодателя вы не видите «в живую». Общайтесь вы только посредством мессенджеров и электронной почты. Четвертый признак ФП. Компания не зарегистрирована в Казахстане, либо зарегистрирована недавно. Не имеет лицензии на привлечение денег. Список лицензиатов размещен на официальном сайте Агентства по регулированию и развитию финансового рынка. Пятое определение. Отсутствует юридическое сопровождение. То есть, нет договора либо он составлен без обязательств и ответственности сторон. Шестое. Вклады принимаются наличкой, криптовалютой, либо через мобильные банковские переводы . Без предоставления чеков, других фискальных документов.

Также в этом перечне сетевой маркетинг, а по сути та же финансовая пирамида.

С докладом «Современные схемы мошенничества, дипфейки, простые инструкции по защите «кэша» выступил старший оперуполномоченный Управления по противодействию киберпреступности ДП Алибек Керим. Он пояснил, с сентября 2025 года в Уголовный кодекс РК официально введена новая статья 232-1 устанавливающая уголовную ответственность за так называемое «дропперство». Что это за термин? В эпоху интернет мошенничества это очень важная преграда «е-вымогательства». Это – незаконное предоставление, передача и приобретение, доступа к банковскому счету, платежному инструменту или идентификационному средству, а также незаконное осуществление платежей и (или) переводов. Массовое использование дропперов в мошеннических схемах стало серьезной угрозой финансовой безопасности. Они играют ключевую роль в

отмывании денег, выведенных из оборота через фишинг, социнженерию. Теперь, действия так называемых «дропперов», то есть лиц, намеренно приобретающих доступ к чужим банковским счетам для их использования в схемах будет наказываться до 7 лет лишения свободы.

Старший оперуполномоченный рассказал об одном случае из его следственной практики. Алматинец, бывший авиатор, уйдя на заслуженный отдых и имея приличные накопления на старость решил их увеличить. С мыслью «деньги лишними не бывают», и себе на отдых-лечение, и детям, и внукам будет помощь. Увидел рекламу в социальных сетях, с перспективой покупки акции Казатомпрома. Вначале вложил немного, пошел рост котировок на онлайн-бирже, прибыли от процента приобретенный. Больше вложил – больше получил. Отдал по итогу 100 миллионов тенге в онлайн – биржу. Финал закономерный – ни денег, ни ожидаемой прибыли, ни финансового брокера и подорванное здоровье .

Забегая вперед скажем, недавно вышло обращение председателя правления АО «НАК Казатомпром» Меиржана Юсупова. Он заявил, что в последнее время от лица руководства компании, сотрудников распространяются ложные сообщения на различных ресурсах, о запуске платформы, якобы позволяющей улучшать финансовое положение граждан. Не верьте! Акции «Казатомпрома» никогда не рекламируются, вся достоверная информация размещается только на официальном сайте НК, официальных страницах в социальных сетях.

Вернемся к семинару. Все выступления сопровождалось короткометражными роликами на тему предупреждений интернет-мошенничества, были так же ответы сотрудников АФМ и Департамента полиции на поступившие из зала вопросы. Семинар сочли весьма своевременным и актуальным.

Как подытожил председатель областного филиала РОО «Организация ветеранов» Ерболат Турумбетов данная встреча организована в рамках Проекта «Общество без долгов» и направлена на формирование у населения, (в частности наиболее уязвимо-го пожилого), культуры финансовой грамотности и безопасности, культивирования в обществе уважения к закону и порядку.

Рамазан ЕЛЕШЕВ.
Илийский район.

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Аудандарда атқарылған жұмыстар

Қарасай ауданы

Өткен аптада Қарасай ауданының бірқатар ауылдық округтерінде ардагерлердің бастауыш ұйымдары бірқатар шараларды өткізді.

Соның бірі Іргелі ауылдық округі Мәдениет үйінде бастауыш ардагерлер кеңесінің және «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі округтік ұйымының ұйымдастыруымен «Ауыл-елдің айнасы, Отбасы-жанның саясы» атты шара өтті.

Мұнда жианлған қауымға тұсау кесу рәсімі көрсетілді. Тұсау кесу-табаны жерге тиіп, тәй-тәй басқан сәбидің үлкен өмірге алғашқы қадам басуы. Ұлт жана-шыры Зейнеп Ахметова апамыз айтқандай, бір-біріне карама-қарсы қайшының жүзі секілді баланың алдағы өмірі қайшыланбасын, кедергілер болмасын деп, қазақ халқы тұсауды қайшымен қиыды жөн көрмеген. Сондықтан да ақ пен қара түс-өмірдің, тіршіліктің нышаны. Жаксылық болып, басына бақ қонғанда асып-тасымасын, асылық жасамасын, өмірдің күнгейі мен көлеңкесі тең өтсін деген ұғыммен сәбидің тұсауын алдына ештеңе қоймай ала жіппен өткір пышақпен кесіп, үлкен қариямыздан бата сұралды. Кешті «Дархан-Дария» ансамблімен жалғастырып, апалар шаңырақ бін билеп, халықтың ризашылығына бөленді.

1-Май ауылдық округіндегі Қапал батыр атындағы және Қайнар орта мектептерінде «Қарттарым-асыл казынам» атты тақырыпта кездесу ұйымдастырылды. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» демекші, мектептің ұстаздары мен оқушылары ата-әжелерін құрметтеп, мерекелік кездесу өткізді. «Қарттар-біздің асыл казынамыз» дегендей, округ әкімі Елдос Мұқатайұлы ауылдағы қарияларды мерекесімен құттықтап, сый-сияпат көрсетті. Оқушылар өлең оқып, ән айтып, сахналық қойылым көрсетіп, қонақтардың ризашылығына кенелді.

«Батаменен ел көгерер, Жанбырменен жер көгерер» дегендей, ата-әжелеріміз бата, ізгі ниет-тілектерін білдірді.

1-Май ауылдық округінде, Қапал батыр атындағы орта мектебінің ұстаздары мен жоғарғы сынып оқушылары және ауыл әкімі Елдос Мұқатайұлының жетекшілігімен Ұстаздар мерекесіне орай «Ұстаз аты-биік,әрі мәңгілік» тақырыбына іс-шаралар өткізді. Ұстаз - ұрпақтың шамшырағы, даналық пен мейірімнің бастауы.

Шәкірт жүрегіне ізгілік ұялатып, болашаққа жол көрсетіп келе жатқан ең асыл жандар. Ауыл әкімі жиналған қонақтарды, ұлағатты ардагер ұстаздарды құттықтап, «Алғыс хатпен» марапаттап, гүл шоқтарын тапсырды.

Мектеп директорының орынбасары Сейтбекова Қамқасұлу ұстаздарды төл мерекесімен құттықтап, ерен еңбектерімен көзге түсіп жүрген ұстаздарды «Мақтау грамотасымен», «Алғыс хаттармен» марапаттады.

8.қазан күні Елтай ауылдық округінде мәдениет үйінің ұйымдастыруымен “Ауылым-алтын бесігім” мәдени іс -шара өтті. Оған ауылдың ата-әжелері мен жастар, мектептер қатысып, ұрпақтар сабақтастығы өз жалғасын тапты. Басты мақсаты-қазақ ауылының көрінісі, ұмыт болған салт-дәстүрді жалғастыру. Қазақ үйдің жанында самауырмен шай қайнатып, казанға ет асылып, ыстық бауырсақтар пісіріліп, әжелер күбі пісіп, талқан түйді.

Жастар асық ату, садақ тарту, алтыбақан және сақина салу секілді ұлттық ойындар мен тақовондо сияқты спорт түрін көрсетті. Сонымен қатар ұлттық колөнер көрмесі, ұмыт болған тағам түрлері жасалып, халыққа түсіндірілді. Кәсіпкерлер өз қолдарымен жасаған бұйымдары туралы таныстырылым жасады. Мәжіліс бай-лында ұлттық би билеп, ата-әжелер ән салды.

Алатау қаласы

Жақында Алатау қаласының «Еңбек» ықшам ауданында «Ауылым-алтын бесігім» атты мәдени іс-шара өткізілді. Жана қаланың тұрғындары әр ұлт өкілдері болғандықтан, өздерінің музыкалық өнерлерін, қол өнерлерін, ауыл шаруашылығы өнімдерін дәріптеді.

Осы мерекеге Алатау қаласының «Ардагерлер», «Асыл ана» қоғамының мүшелері де белсене атсалысты. «Ардагерлер» кеңесінің мүшелері трио кuartет бойынша өз өнерлерін көрсетсе, «Асыл ана» қоғамының жанынан құрылған әжелер тобы ән айтып, елдің ризышылығына бөленді.

Қонаев қаласы

Таяуда Қонаев қаласының ардагерлері «Асыл ана» және «Алатау жастары» қоғамдық ұйымдарымен бірлесіп, Қербұлақ ауылына барып, жергілікті тұрғындарға арнап, концерттік бағдарлама ұйымдастырды. Мәдени шара ауыл тұрғындарының көңілінен шығып, жылы ықыласқа бөленді. Бұл ұрпақтар сабақтастығы мен ел ішіндегі рухани байланысты нығайтатын игі бастамалардың бірі болды. Концерт соны естелік суретке түсумен аяқталды.

Ұйғыр ауданы

Бүгін Шонжы ауылындағы «Сафран» кафесінде Казпошта АҚ аудандық бөлімшесінің басшысы Н.Меримовтың ұйымдастыруымен сол мекемеде кезінде жұмыс істеп бүгінде зейнетте жүргендердің бас қосуы болып өтті.

Көптен бері бірін-бірі көрмей жүрген зейнеткерлер мекеме басшысына рахметтерін айтып, арнайы дайындалған дастарханнан дәм татып, естелікке суреттерге түсіп таркасты.

Еңбекшіқазақ ауданы

Еңбекшіқазақ ауданының Шелек ауылында күзгі ауылшаруашылығы жәрмеңкесі өтіп, неше түрлі азық-түлік, жеміс-жидек, көкөніс және ет, сүт өнімдері нарықтағыдан 20-30 пайызға арзандатылып сатылды.

Жәрмеңке барысында өнерпаздар күшімен концерт қойылды. Бұл шараға «Алатау жастары» ұйымының тобы, ардагерлер мен әйелдер қоғамдық бірлестіктері әкімшілікпен бірге өз үлестерін қосып, белсене араласты. Аудан әкімшілігі көпшілікке жағымды мұндай жәрмеңкені жиі ұйымдастырамыз деп уәде берді.

БАСПАСӨЗ-2026

ЖАНЫМА ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

Мен Алматы облыстық «Алатау ардагері» газеті жарыққа алғаш шыққалы бері жаздырып аламын. Бұл басылымның мен сияқты зейнеткерлерге берері көп. Алматы облысының экономикасы мен әлеуметіне зор үлес қосқан еңбек адамдары, басшылық қызметте болған мемаскеттік қызметкерлер, әдебиет және өнер қайраткерлері жайлы мақалалар мен сұхбаттарды оқып, олардың өмір және еңбек жолдарымен кеңірек танысып, риза боламын. Жас кәсіпкерлер, спортта, өнерде, әдебиетте биік жетістікке жеткен жастар жайлы мақалалар да жиі беріледі. Сол сияқты газет бетінде отбасылық құндылық, салт-дәстүр,жастар тәрбиесі кеңінен насихатталады. Алматы облысындағы аудандық ардагерлер ұйымының, аналар кеңсесінің, жастардың атқарып жатқан жұмыстарын, зейнеткерлердің жай-күйін, тыныс-тіршілігін де осы басылым арқылы біліп отырамын.

Міне, енді 2026 жылға арналған баспасөзге жазылу науқаны басталды.Осыған орай барша замандастарымды «Алатау ардагері» газетін жаздырып алуға шақырамын

Төртінкен Кененқызы,
Алматы облысының және Іле ауданының Құрметті азаматы

Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа,имандылық пен ибалыққа тәрбиесілу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің тол басылымына қолдау көрсетеміз десеңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы - **6371,52 теңге**

Алты айға жазылу бағасы - **3185,76 теңге**

Индексі- **65472**

● МЕРЕЙ БИІГІНДЕ

ШЫҢДА ШЫҢДАМҒАН ШОЛПАН

Өзінің атқарған жұмысын ғана біліп, ақырын жүріп, анық басатын, алға қойған мақсатына жету жолында бәз біреулер сияқты ұрандатпай, сабырлылық, шыдамдылық таныта ерінбей еңбектенетін жандар бұл өмірде аз емес. Бір қарағанда ондай адамдар ештеңемен шаруасы жоқ, өз қамын ғана күйттеп жүрген қарапайым жан секілді көрінеді. Ал, оның жанына теренірек үңілсең, бойындағы мың сан қырлы, алуан бітімді, өзгеше өрімді айрықша қасиетті, ізгілікті, инабаттылықты, өз-өзіне сенімді ақыл-парасатты, ерік-жігерді, өзіндік бітім-болмысты байқайсың. Ашыбұлақ ауылындағы кәсіпкер, Іле ауданының Құрметті азаматы Шолпан Қағазбаева жайында осылай ой түйіндеуге болады.

БАСТАУ

Тегінде адам туған жер табиғатына гартса керек. Көп жағдайда адамның мінез-құлқы туған жер болмысымен етене өріліп жатпай ма?! Қасиетті Хантәңірінің баурайына орналасқан Сарыбастау ауылында 1955 жылы дүниеге келіп, балдай тәтті балалық шағының сағым жылдары, көбелек қуып, гүл терген бейкам күндері тау етегінде өткен Шолпан бүлдіршін кезінен кіндік қаны тамған жерден нәр алып өсті. Оқушы кезінде тек биікке ғана өсетін еңлік гүл іздеп, қияға өсетін рауғаш, қарақат теріп, талай рет таудың шыңына өрмелеген ол, мақсатына жету үшін тер төгіп, шаршап-шалдығудың, сол арқылы шындалудың не екенін білді.Тұлым-шағы желбіреген кішкентай қыз сан мәрте тау шыңына қарап, ойға шомып, болашағын армандап, қиялына қанат байлаған еді. Арманы-дәрігер болу. Өйткені сол жылдары Сарыбастау ауылында Анна Андреевна Бельх деген жалғыз дәрігер бар болатын. Шолпан бала болса да, соның жүріс-тұрысына, ақ халатына, ішінде дәрі-дәрмегі бар қолындағы қобдишасына қатты қызығатын. Ал, дәрігер боламын,-деп алдына мақсат қоюына сүйікті ағасы Үкеннің аяқ астынан айырылуы себеп болды. 7 жасында анасы қайтыс болғанда онша қайғыра қоймаған Шолпанға ағасының қазасы қатты батты. Күнде кешкісін жарым көңіл іні-қарындастарын кекек-кезек алдына отырғызып алып. «Жаным аман болса сендердің барлығыңды оқытамын, білімдерін болса жерде қалмайсыңдар» деп, оларға ақыл айтып, қамқорлық танытып, маңдайларынан сипап, пана болған ағатайы дүниеден өткенде жасөспірім қыз еңкілдеп жылап, «Мен дәрігер болғанда ағашымның жанын ажалдан арашалап алар едім, амал жоқ, қазір кішкентаймын, бірақ, өскенде қайт-

сем де доғдыр боламын» деген еді. Иә, сол күннен бастап дәрігер болуды армандады. Сол мақсатына жетті де.

ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

Алматы медицина институтын провизор мамандығы бойынша үздік бітірген ол жоғарғы оқу орнының жолдамасымен Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханадағы дәріханада провизор-технолог болып еңбек етті. Одан туған ауылына барып төрт-бес жылдай Киров елді мекенінде дәріхана меңгерушісі, Нарынқолдағы орталық дәріханада химик-аналитик, провизор-технолог болып жұмыс істеді. 1989 жылы отбасы жағдайымен Ащыбұлақ ауылына көшіп келіп, теміржол басқармасына қарасты ауруханаларды қамтамасыз ететін дәріхана қоймасында экспедиция бөлімі бастығының орынбасары, қойма меңгерушінің орынбасары қызметтерін мінсіз атқарды.1998 жылы осы қойма жабылып, Шолпан жұмыссыз қалды. Табаны тасусылып, қаншама жерге сұрап барды десеңші, айтатындары «тәжірибеніз көп болғанымен, жасыңыз тура келмейді» деген бір ғана сөз.

Не істеу керек? Арғы-бергіні елеп-екшеп, өз мүмкіндігін саралап, жеке дәріхана ашуға бел буды. Жәпек батыр ауылынан шағын дәріхананы жалға алып, жұмысты бастады. Одан Покровка ауылына жақын маңдағы сауда базасының жанынан бір дәріхананы жалға алды. Сонда тауар айналымына жұмсайтын қалтасындағы бар ақшасы 15 мың теңге ғана.Түкке тұрмайды. Бірақ, жоқтан жоғары. Күнде түскеніне күнде тауар әкеледі. Машина жоқ. Жаяу-жалпылап, Ащыбұлақтан қаланың ортасына барып, сатылатын дәрі-дәрмегін алып, Покровкаға келеді. Одан күні бойы жұмыс істеп, үйіне қайтады. Тауар тасушы да, оны сатушы да-бір өзі. Үй тірлігі, балалардың күтімі тағы бар.



Киналған бір сәтінде бұрын өзімен бірге жұмыс істеген құрбысы Сәуле Құрақбаеваны серіктестікке шақырды. Сәуле есеп-қисаппен айналысса, дәріханаларды дәрімен қамтамасыз ету Шолпанның мойнында болды.

Қанша киналса да, шаршаса да ол өзінің жекеменшік дәріханасын ашуды алдына мақсат етіп қойды. Сол кезде Ащыбұлақ ауылында дәріхана жоқтың қасы еді.Осы ауылдағы азық-түлік дүкенінің бір бұрышын жалдап, дәріхана ашты. Кейіннен тапқан табысын шашау шығармай жинастырып жүріп сатылуға қойған осы дүкенді сатып алып, оны заман талабына сай жөндеп, жеке дәріханаға айналдырып алды. Бірді бірге қосып, тапқан табысын табысқа қосып, дәріханалар санын арттырды. Үкіметтен несие алып, азық-түлік дүкенін ашты. Осылайша, өзі табыс тауып, тұрмысын жақсартты, бірнеше ауыл тұрғындарына жұмыс тауып беріп, көптеген адамдардың алғысына бөленді. Былай қарағанда мұның бәрін бес-алты сөйлеммен қысқа қайырып айта саласың. Бірақ, Шолпанға ол оңайлықпен келмеді. Табыс пен алғысқа ол мазасыз күндер мен ұйқысыз түндер, тікесінен тік тұрып, сағаттап жұмыс істеу, талай рет жүйкені жұқарту арқылы қол жеткізді. Бұған төзімділік пен темірдей тәртіпті қосыңыз. Халыққа қызмет көрсеткен соң тәртіп те қажет. Тұтынушылардың талап-тілегін орындау, олардың айтқан затын тауып беру, пайдалану мерзімі өткен тауарларды өз уақытында айналымнан шығару үлкен ыждағаттылықты, шыдамдылықты қажет етеді. Өз ісіне берік, қол астында ең-

бек ететін адамдарға қолайлы жағдай туғызып, адалдықты жанына жалау еткен Шолпан Қағазбаеваның ұстамдылығы, сабырлылығы ауылдың сол кездегі әкімі Әмзе Әлдибекұлы Исаевтың назарынан тыс қалмады. Ауыл әкімі бірінші болып, депутаттыққа үміткер етіп Ш.Қағазбаева ұсынды, халық бұл шешімді бірауыздан қолдады. Ендігі жерде Шолпанның жұмысы да көбейіп, жауапкершілігі де күшейді. Арыз-арманын, талап-тілегін айтып, өзіне аманат артып, міндет жүктеп келушілер қатары барған сайын көбейе берді. Бұрын ауылдағы дүкенінің, бірнеше дәріханасының шаруасын жүргізіп, ортанқол кәсіпкер қатарында жүрген Шолпан халық аманатын арқалаған соң, өзінен гөрі жерлестерінің мұң-мұқтажын, талап-тілегін жоғары қоя бастады. Сол арқылы ол бойында бұрыннан бұйғып жатқан орасан жігерлілік, қайсар-қайраттылық, жоғары белсенділік, табандылық сияқты қасиеттерімен айналасындағыларды таңырқата білді. Окрутке қарасты ауылдарды көркейту, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, ардагерлерге тұрмысы төмен отбасыларға, жетім-жесірлерге қамқорлық жасау сияқты мәселелерді шешуде жергілікті әкімге нақты көмек көрсетеді.

ШАҢЫРАҚ ШЫРАЙЫ

Шолпан Ауғанбайқызы сыртта кәсіпкер, толып жатқан қоғамдық жұмыстардың белсендісі болғанымен, өз үйінде, үлкен бір әулеттің ибалы келіні,шаңырақ иесі Бақытжанның аяулы жары, ең бастысы-алтындай екі қыз бен арыстай бір ұлдың ардақты

анасы. Жолдасы Бақытжан екеуі үш баланы тәрбиелеп, қатарға қосты. Тұла бойы тұңғыштары Мәрия жоғарғы оқу орнын бітіріп, мамандығы бойынша органда жұмыс істеп жүрсе, екінші қыздары Мақпал мамандығы бойынша еңбек етуде. Кенжелері Мирас шекара қызметінде. Немерелері Ғани, Кәусар, Алдияр, Әлишер-Бақытжан екеуінің көз қуанышы.Сүттей ұйыған осындай үлкен шаңырақтың отанасы Шолпан үйге келген соң мен шаршадым демей, білекті сыбанып шаруаға кіріседі. Әйел үшін үйдің тірлігі таусылған ба?! Ас дайындау, азаматының бабын табу, келген қонақты күтіп алу, не керек, әйтеуір бір бітпейтін шаруа. Одан қалса, қайын-жұртының, өз бауырларының да көңілін табу керек. Ағайынмен сыйласып, қажет кезінде көмек көрсетіп, оларға қамқорлық жасауды да ұмытпайды.

Осындай шуақты шаңырақтың берекесін тасытып, ырысын арттырып отырған Шолпан Қағазбаева өз еңбегімен көтерілген биігінен аласармақ емес. Әлдекімдерге жалтақтамай, біреулерге жалпақтамай, өзі салған сүрлеу жолдан тайғактамай, сол сабырлы, байыпты қалпында жерлестерінің аманатын адал арқалап келеді. Оның атқарған жұмысынан, іс-қимылынан, түтін болмысынан Отаны, отбасы, өзін сайлаған халқы, туған-туысы, дос-жараны алдындағы жауапкершілікті аңғарасың. Аңғарасың да, соның алдында еріксіз бас иесін.

Қарап отырсаң, Шолпан Ауғанбайқызының сонау бала жасынан қол жеткізген әрбір жетістігі өзінше бір тау шыңы іспеттес. Мектепте озат оқушы, пионер, комсомол ұйымының жетекшісі, сыныпта басшы болуы да жас бала үшін өзінше бір белес.Мектепті озат бітіре отырып, оқуға түсе алмағанда үш жыл қатарынан қолхозда қырманда да, сақманда да,қой қырқымында да белін қайыстыра ауыр жұмыстарды атқарып, ащы еңбектің дәмін татып, қиындықты жеңуі де бір жеңіс болды.Институттан кейін де, қиындықтан қашпай тапсырылған жұмысты адал атқара білді. Жұмыссыз қалғанда да, мойымай жасының келгеніне қарамастан нарықтық экономиканың қыр-сырын меңгеріп, кәсіпкерлікті игерді. Осылайша ол, сындарлы жолдардан өтіп, өмірдің шыңында шыңдалып, шырпықты. Өмірдің соқпақтарында, адырлы белестерінде, биік шыңында шындалған адам әлбетте жеңіске де жете алмақ.

Роза АЙДАРБЕКОВА.
Іле ауданы.

● МЕКТЕПШІЛІК ІС-ШАРА

ЫРЫМДАР МЕН ТЫЙЫМДАР – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ БАСТАУЫ

Қырғауылды ауылындағы қазақ орта мектебінде «Ырымдар мен тыйымдар – ұрпақ тәрбиесінің бастауы» тақырыбында мазмұнды да тәрбиелік мәні зор мектепшілік іс-шара өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – қазақ халқының салт-дәстүрі мен ырым-тыйымдарының тәрбиелік мәнін дәріптеу, жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды насихаттау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге баулу. Сонымен қатар әжелердің өмірлік тәжірибесін тыңдату арқылы қыз балаларды имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу көзделді.

Шараға Райымбек ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Леміс Әбдікеримов, аналар кеңесінің төрайымы Батима Айтқазықызы, сондай-ақ ауылдың мақтанышы – «Дариға-ай, дәурен» ардагерлер ансамблі қатысты.

ді. Сондай-ақ мамыр айында Абай ауылындағы Мәдениет үйінде концерт қойып, көрермендердің зор қошеметіне ие болды.

Кездесу барысында қадірлі ата-әжелер қазақ халқының көнеден келе жатқан ырым-тыйымда-

рының мән-мағынасы туралы тағылымды ойлар айтып, өмірден түйген даналықтарымен бөлісті. Ұлттық тәрбиенің маңызы мен ұрпақ сабақтастығы жайлы өнегелі пікірлер айтылды. Іс-шара барысында мектеп директоры П. Әбдібаева ата-әжелерді қарттар күнімен құттықтап, ұрпақ тәрби-

есіндегі еңбектері үшін алғыс білдірді.

Шараны мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Алина Сүлейменова, Айгүл Үсенова және Орынбасар Әбдікаримов ұйымдастырды. Сондай-ақ 8-сыныптың ата-аналары мен сынып жетекшілері іс-шараның мазмұнды өтуіне өз үлестерін қосты.

Кездесу соңында оқушылар ата-әжелерге ризашылықтарын білдіріп, естелік суретке түсті. Бұл тағылымды шара ұлттық салт-дәстүрімізді, ырым-тыйымдарымызды дәріптеу арқылы жас ұрпаққа адамгершілік пен рухани тәрбие берудің тамаша үлгісі болды. Ұлттық құндылықтар мен рухани тәрбиені ұлықтаған тағылымды кездесуге қатысқан-

дар ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.

Алина СҮЛЕЙМЕНОВА,
Қырғауылды ауылындағы қазақ орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

● АҒА ҰРПАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Бұл күн – елінің еңсесін тіктеген, ұлттың ұйытқысы болған, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған абыз ақсақалдар мен ақ жаулықты аналарымызға деген шексіз құрметтің жарқын көрінісі.

Қарты бар ел – қазыналы ел

Осыған орай, аудан әкімінің бастамасымен «Қарты бар елдің – қазынасы бар» атты тағылымды мерекелік кеш өтті. «Сарытау» кафесінде жайылған ақ дастархан ауданның ардақты қарияларына арналды. Бұл – құрметтің үлкені, тағзымның биігі.

Қарттарға құрмет – елге құрмет. Мерекелік шарада аудан әкімі Нұрбақыт Молдахметұлы Теңізбаев қазыналы қарияларды айтулы мерекемен құттықтап:

– «Қариясы бар елдің қазынасы бар» дейді халқымыз. Бүгінгі дамыған мемлекет, өркендеген өңір-сіздердің сарабал ақыл-кеңестеріңіз бен сіңірген еңбектеріңіздің жемісі. Жастар сіздерден үлгі алады. Ел шежіресі, ұрпақтың темірқазығы, еліміздің бірлігі мен берекесінің ұйытқысы болған ақсақалдарымыз бен аналарымыз аман болсын! – деген ізгі лебізін білдірді.

«Өнегелі кеш – өнегелі ұрпаққа» демекші, шара барысында аудандық мәслихат хатшысы Алмасбек Нұғыманұлы, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сабыр Досымбеков, кәсіподақ төрағасы Нұрлыбай Көпжасарұлы, округ ақсақалдар алқасынан Болат Таубалдиев, тағы да басқа көнекөз қарияларымыз сөз сөйлеп, ақ баталарын берді. Ал ауданның Құрметті азаматы, ардақты

ана Нағима Таласбаева жүрекжарды тілегін білдіріп, «Қазақтай ел қайда?» әнін әуелете шырқап, көпшіліктің ыстық ықыласына бөледі.

Мерекелік кеште ж»ұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мекемесінің өкілдері «Менің қос бәйтерегім» әнін әрлеп, әсерлі күйге бөлесе, кеш барысында салт-дәстүр мен мақал-мәтелдерге қатысты қызықты сұрақ-жауап ойыны ойнатылып, қариялар белсенділік танытты.

Ізгілікке толы кеште ән мен жыр, тілек пен бата қатар өріліп, ұлттық құндылықтар, үлкенге құрмет, кішіге ізет, ұрпақтар сабақтастығы терең насихатталды. Ақсақалдардың өнегелі әңгімелері мен аналардың ақ батасы жастарға мол тағылым сыйлады.

Мерекелік шара соңында аудан әкімдігі тарапынан қарияларға арнайы сый-сияпат табыс етілді. Қариялар елеп-ескеріп, құрмет көрсеткен аудан басшылығына ризашылықтарын білдірді.

– Қарттар – біздің өткеніміз ғана емес, бүгініміз бен ертеңіміздің бағдаршамы. Сол бағдаршамның жарығы ешқашан сөнбесін, қарияларымыз аман болсын,- дестік.

Ғани БЕЙҚҰТБАЙ.
Кеген ауданы.



СОТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ



Қабылданған қаулылардың орындалуы талқыланды

Қонаев қаласының кітапханасында Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының құрылуына 30 жыл толуына байланысты «Адам құқықтары мен Конституция: 30 жылдық тәжірибе» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға қала әкімінің орынбасары Сәуле Нұрсолтанова, полиция басқармасының өкілдері, судьялар, мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен қалалық ардагерлер ұйымының ардагерлері және қоғам өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстел барысында Конституциялық Соттың соңғы жылдардағы қызметі, қабылданған қаулылардың орындалу барысы мен олардың азаматтардың құқықтарын қорғаудағы рөлі талқыланды. Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының талдаушысы Дәурен Шәріпбаев баяндама жасап, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазіргі уақытқа дейін Конституциялық Соттың қабылдаған 74 нормативтік қаулысының 41-і (56%) толық орындалғанын атап өтіп, алимент өндіріп алу, бейбіт жиналыстар өткізу сияқты әлеуметтік маңызы бар мәселелер төңірегінде ой бөлісті.

Дөңгелек үстелде сөз алған ҚР Конституциялық Сотының судьясы Роман Подопригора соттың 30 жылдық тәжірибесі мен конституциялық заңдылықты нығайту бағытындағы қол жеткізген жетістіктерін кеңінен баяндап берді. Кездесуді қорытындылаған қала әкімінің орынбасары Сәуле Нұрсолтанова: «Мұндай кездесулер туындайтын мәселелерді жүйелі түрде талқылауға, ортақ шешімдер қабылдауға және барлық мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясын нығайтуға және құқықтық мемлекетті дамытуға айтарлықтай үлес қосады», – деді.

Занғар АЛТАЙ.
Қонаев қаласы.

ЭРМИТАЖҒА БАРҒАН ЖАУЫНГЕР

КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАСЫН КӨРГЕН ЕДІК

Бұл күндері заман тарихының алыбы, тұлғалы батыр бабамыз Кенесары хан төңірегінде алыпқашпа сөз көп. Біреулер оның бас сүйегі Эрмитажда жоқ деген пікір айтады. Сол жерден батыр бабамыздың бас сүйегін көрмесек, бұл әңгімені жазбас па едім. Ол жақта қайдан болдық? Әңгімені сәл әріден бастайын.

1967 жылдың күзі басталған сәт. Спортпен, оның ішінде бокспен айналысатын едім. Қыркүйек айының бірінде азанда бөлім командиріне Североморск горнизонынан қоңырау шалынып, телефонға мені шақыртыпты. «Север» командасының жетекшісі, майор Владимир Васильевич Дудкевич екен. Сөйлестік. Ол бокстан он жылдан бері «Север» командасы флот бойынша бірінші орынға шыға алмай келе жатқанын айтты. Ол кісінің айтуынша биыл команданың құрамы күшті. Жарыс желтоқсан айында болады екен. Осыған орай жарысқа қатысып, жақсы нәтиже көрсетіп берсе, әскери борышын жақсы өткізгені үшін бірден демобилизацияға құжаттарын әзірлеп, елге қайтаратынын айтты. Команда құрамындағылар мен қалсам, олар да бірге қалатын болды. Ал қалмайтын болсам, қыркүйектің үшінде Қорғаныс министрінің бұйрығына қол қойылады, төрт күні демобилизацияға шығарады. Мен қалатынымды айттым. Бірақ бірінші ротадағы Қадыр Досаховты, үшінші ротадағы Максет Камаловты да менімен бірге демобилизацияға дайындайтын болсын деп шарт қойдым. Ол шартыма басшыларымыз келісімін берді.

Содан, спорт ротада жаттығулар, дайындық жұмыстары жүрді. Жарыс барысында қысқы олимпиадада Архангельскіден келген бірінші қарсыласымды ұпай басымдығыммен ұттым. Жартылай финалға шығу үшін «Гроза» командасының боксшысымен кездестім. Екі раунд техникалық ойынмен өтті. Ұрыста тұрыс жоқ. Кім жеңіп, кім жеңіліп жатқанын

бағдарлау қиын. Үзілісте секундантымнан «Мен ұтып жатырмын ба?» деп сұрадым.

- Жоқ, сен екі раунд бойы ұтылдың. Қарсыласың саған сездірмей, жеңіл сокқылармен ұпай жинап алды.



Бақылап отырған қазылар бар жеңісті қарсыласыңа берді, – деді ол. Осыдан кейін тактикамды өзгертіп, бірден шабуылға шықтым да, үшінші раундты айтарлықтай басымдықпен өткіздім. Сырттағы қазылар екеуімізге тең ұпай жазып берді. Шешуші сәтте рингтің ішіндегі рефери жеңісті маған беріп, жартылай финалға шықтым.

Ертеңіне жарыстан бұрын команда капитаны Саня келіп: «Сенің кешегі жеңісінді көрген болашақ қарсыластарың сенен жеңілеміз деп отыр. Флоттың аға жаттықтырушысы сені рингке шықпасын деп өтініш айтты. Ары қарай бүкіл әскери теңіз флоттар жары-

сына екінші, үшінші орын алғандарды алып бара алмаймын. Командаңыз бірінші орын алды. Марат чемпион болса, демобилизацияға кетіп қалады деп отыр», – деді. Түпкі мақсаты мені жарысқа қатыстырмау болған сияқты. Мен оған келісім бермедім. «Алдағы жарысқа кім баратыны мені қызықтырмайды, осы жарыстың соңына дейін рингке шығамын», – дедім.

Содан, жартылай финалда «Перископ» командасының Доронин деген боксшысымен рингке шықтым. Секундант болып команда капитаны

Мұның бәрін бүкіл Солтүстік әскери теңіз флоты, Архангельск, Мурманск облыстарының теледидарлары көрсетіп тұрды. Ресми түрдегі құттықтау мен суретке түсіп болған соң, арнайы автобуспен команданы мейрамханаға алып барды.

Әскери бөлімшеде менің қойған шартым бойынша Қадыр мен Максет достарымды да демобилизацияға дайындады. Транзитті рейспен ұшақ Мурманскіден Ленинградқа, сосын Мәскеуге, одан кейін елге ұшатын болдық. Ленинградқа келгенде,

Саня келді. Бірінші раунд басталысымен-ақ рефери нокдаун санады. Жанкүйерлер болса, нокдаун болған жоқ деп айқайлап жатты. Бір кезде секундант Саня рингке орамал тастап, жарысты тоқтатты. Мақсаттары жоғарыда айтқанымдай, аға жаттықтырушының айтқанымен мені жарыстан шығару керек болды.

Бокстан қысқы спартакиада біткен соң, чемпион болған «Север» командасы толық рингке шықты. Адмирал сөз сөйледі. Команданың шешімімен адмиралдан кубокты алуды маған тапсырды. Кубокты алған соң, оны команда жетекшісі Дудкевичке бердім.

Мәскеудің рейсі кешігіп, ертеңге дейін күту керек болды. Үшеуіміз бірге қаланы көріп, қыдырдық. Эрмитажға бардық. Оның бір анықтамасында «Шығыс» атты бөлімі жоғары қабатта деп жазылыпты. «Шығыс» қабатында Орта Азия ұлттарының тарихи жәдігерлері көрсетілген. Тұрмыста, еңбекте, үйде қолданатын заттар, ұлттық киімдер бар. «Қазақтар» деген бөлімде болдық. Ортада Тайқазан тұр екен. Соның жанында үстелдің үстінде әйнектен жасалған көлемі жарты метрдей болатын үлкен жәшіктің ішіне адамның бас сүйегі қойылған. Мен жақындап барып жазылған шағын

шешу бойынша өздерінің нақты ұсыныстарын ұсынды.

«ЭкоДиалог» жобасы мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы серіктестікті нығайтуға, ауылдық ҰЕҰ-ды қолдауға және экологиялық мәселелерді шешуге қоғамның тұрақты қатысу тетіктерін қалыптастыруға бағытталған. Оның тиімді бастамалары әр азаматқа қоршаған ортаны таза сақтауға өз үлесін қосуға мүмкіндік беруге негізделген.

Тренинг соңында Қонаев қалалық аналар кеңесінің төрағасы Дәметкен Нүсіпбекова мен қалалық «Семей ядролық сынағынан жапа шеккендер» қоғамдық бірлестігі төрағасының



орынбасары Назым Чажайбаева ісшараның маңыздылығына жоғары баға беріп, оның практикалық бағытын, сарапшылардың жоғары деңгейін және ашық диалог атмосферасын атап өтті. Олардың пікірлерінше, мұндай кездесулер тәжірибе алмасуға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық ұйымдар, билік және жергілікті қауымдастықтар арасындағы тиімді ынтымақтастықты қалыптастыруға ықпал ететін болады. Айналып келгенде ұйымдастырылған тренингтің түпкі мақсаты-табиғатты сақтау және халықтың өмір сапасын жақсарту.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.
Қонаев қаласы.

Марат ҚОБЛАНОВ.

АУЫЛ СПОРТЫ



АШЫБҰЛАҚ МАРАФОНЫ

Төле би автожолы бойында «Ашыбұлақ марафоны» аясында округ тұрғындарының қатысуымен 5000 метр қашықтыққа жүгіруден жарыс өтті. Бұл спорттық шараның мақсаты салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту болды.

Жарыс шартына сәйкес 18 бен 72 жас аралығындағы, дәрігердің рұқсаты туралы анықтамасы бар, тіркеуден өткен 57 жүгіруші бір мезгілде жарыс жолына шықты. Жүгірушілердің қауіпсіздігіне де ұйымдастырушылар тарапынан ерекше мән берілді. Жүгірушілер жарыс барысында да медбикелердің сырттай жіті бақылауында болды. Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер және жалпы қатысушылар ұйымдастырушылардың тағайындаған медаль, мақтау қағазы және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сондай-ақ округ, аудан спортының дамуына өзіндік үлестерін қосқан спорт ардагерлері И.Нұрқалиевтың, Д.Жамалбековтың нықтарына шапан жабылып, сый сипат көрсетілді.

Осы спорттық шараның өте жоғары деңгейде өтуіне ерекше атсалысқан қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Сүлейменқұлов Санаттың, «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігінің мүшелері Бұғыбаев Рауанның, Сәрсембаев Абылайдың, Избасқанов Әлибектің, Жарболов Мадиярдың, осы бірлестіктің төрағасы Тамабек Мұхамедсұлтанның еңбектерін ерекше атап өткен жөн.

Ауыл жастарының оңды бастамаларына үнемі қолдау көрсететін, әрі бұқаралық спорттың үлкен жанашыры округ әкімі Бақтияр Қасымбековке және оның командасына бүгінгі спорттық шараға жиналған көпшілік өздерінің жүрекжарды шынайы ризашылықтарын жеткізіп жатты.

Өз сөзінде Бақтияр Кеңесұлы марафонның округімізде дәстүрлі жарыс ретінде жыл сайын тұрақты өткізілетінін хабарлап, жиналған көпшілікті бір желінідіріп тастады. Спорттық іс-шараның соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Д.ЖАМАЛБЕКОВ,

Ашыбұлақ ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы.

Іле ауданы, Төле би ауылы.



РУХАНИЯТ

Кітап-адамзаттың сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, рухани мәйегі. Ақпараттар тасқынының арыны қатты, сапалысы да, сапасызы да араласып кеткен аласапыран заманда жақсы кітаптың құндылығы қашан да арта бермек. Осы орайда ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін жаңа кітап жарық көрді.

ЖАҢА КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ

Авторы-Ұзынбұлақ ауылының тұрғыны, асқартау әке, ардақты ата, асыл жар Марат Тақабаев. Ол 1945 жылы Ақтасты ауылында дүниеге келген. 1962 жылы Сарыжаз орта мектебін бітіргеннен кейін аудан аумағында зейнетке шыққанша біршама жұмыстар атқарған. Биылғы жылы 80 жасқа толған қариямыз «Өмір өрнектері» атты кітабын жарыққа шығарды. Кітап екі бөлімнен тұрады.

«Өмір өрнектері»-автордың ұзақ жылдар бойы қойын дәптерлеріне үзбей түсіріп отырған сан тарау ойларының жемісі. Алғашқыда үзік-үзік көрінетін қанатты сөздер, газет бетінде жарық көрген мақал-мәтелдер, шағын әңгіме-диалогтар жинақтала келе оқырманға берер тағылымы мол дүниеге айналады.

Сонымен бірге, автордың осы саладағы қырық жылға жуық еңбегіне оның адамгершілік пен азаматтықты, ерлік пен достықты мадақтайтын соңғы жылдарда жазылған естелік-эсселері кірді. Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

Ғ. БЕЙҚҰТБАЙ.



ОЙМАҚТАЙ ОЙЛАР

ТАНЫМ

Бір қызығы, Александр Сергеевич десе, оның Пушкин не басқа екенін ешкім білмейді. Лев Николаевич десе, оның Толстой немесе басқа екенін ешкім білмейді. Білсе де шатастырады. Абай десек, Құнанбайұлы дегенді қоспасақ та барлығымыз білеміз. Сонда қазақтың танымы орыстан артық болғаны ғой.

НЕ ЖАҚСЫ?

Бір көршімнен «не жақсы?» деп сұрап едім. Сонда оның айтқаны: Киімнің жаңасы жақсы, достардың ескісі жақсы. Мат алған корольден көрі шах болатын пешкісі жақсы. Байдың арық қойынан кедейдің семіз ешкісі жақсы.

ЖУСАН ЖӘНЕ ҚАЙЫҢ

Қазақ ақындары туған жердің жусанын сүйемін дейді. («Ұнатамын жусанды кермек дәмді». Аманхан Әлім.) Орыс ақындары орыстың қайыңдарын сүйемін дейді. («Русь моя! Люблю твой березы». Николай Рубцов).

Сол жусан мен сол қайың барлық жерде бар. Мені жусанның мұрын жаратын иісі, қайыңның көз тойдыратын сұлу көркі тәтті қылады.

ЖЕҢІ ОЙЫЛҒАН ШАПАН

Біреуді мақтағанда алдымызға жан салмаймыз. Оның кемшілігі де болғанына көз жұмып қараймыз. Мәселен, қазақ өнерін дамытуға еңбегі сіңген Өзбекәлі Жәнібековты алайық. Оның қайраткерлігіне дау жоқ. Алайда, сол кісінің ұсынысымен күйшілердің киген шапанының жеңі орта тұстан ойылып, шолтып қалғанын білеміз. Домбыра тартуға ыңғайлы болсын деген ниет шығар. Сөйтіп домбырашының оң қолы шынтақ тұсынан ойылған жеңнен шығып, салбырап тұратын болды. Бұл үйреншікті көрініске айналды. Оларға жеңсіз шапан кигізуге де болатын еді. Көргенімізді айтып отырмыз.

Ақылбек ШАЯХМЕТ
«Halyqline.kz» сайтынан алынды

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

ӨНДІРІСТІК БАҚЫЛАУДЫ
ЖҮРГІЗУ ТАЛАПТАРЫ!

Өндірістік бақылау – кәсіпорындар мен ұйымдарда өнімнің, шикізаттың, судың, ауа ортасының және жұмысшылардың денсаулығына әсер ететін факторлардың санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігін қадағалауға бағытталған жүйелі іс-шаралар кешені.

Халықтың денсаулығын сақтау, өндірістегі жарақаттану мен кәсіби аурулардың алдын алу, өнім сапасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Өндірістік бақылауды жүргізудің негізгі талаптары:

1. Ішкі бақылау жоспарын әзірлеу. Кәсіпорын өз қызметінің ерекшелігіне сай жылдық немесе тоқсандық өндірістік бақылау жоспарын бекітеді. Онда зертханалық зерттеу түрлері, мерзімі мен жауапты тұлғалар көрсетіледі.
2. Зертханалық зерттеулерді уақтылы өткізу. Өнім, шикізат, ауыз су, өндірістік орта және жұмысшылардың жеке талдаулары уақтылы зертханалық тексеруден өтуі тиіс.
3. Құжаттаманы жүргізу. Барлық бақылау нәтижелері арнайы журналда немесе электрондық базаға тіркеледі. Бұл деректер санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарына ұсынылады.
4. Жұмысшылардың медициналық тексеруі. Қызметкерлер жұмысқа кіріспес бұрын және мерзім сайын профилактикалық медициналық тексеруден өтуі қажет.
5. Санитариялық талаптарды сақтау.

Өндірістік ғимараттар мен жабдықтардың санитариялық жағдайы, желдету және жарықтандыру жүйелері, қалдықтарды жою ережелері тиісті нормативтерге сай болуы керек.

Өндірістік бақылауды жүргізбеу немесе оның талаптарын бұзу «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке әкеледі.

Өндірістік бақылауды дұрыс ұйымдастыру – кәсіпорынның тұрақты жұмысын, өнімнің сапасын және ең бастысы – адамдардың денсаулығын сақтаудың кепілі.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы